ТЕКСЕРІЛДІ:

__________________

28.11.2025 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің**
**«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
**(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

**Мектепке дейінгі ұйым:**«Балажан» бөбекжай- балабақшасы
**Топтар:** «Звездочки» ересек тобы
«Лучики» мектепалды тобы
**Балалардың жасы:** 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар
**Жоспар қандай кезеңге жасалды:** 01.12 – 05.12. 2025 жыл (1-апта)

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
Апта дәйексөзі: «Бірлігі күшті ел озады»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 01.12** | **Сейсенбі 02.12** | **Сәрсенбі 03.12** | **Бейсенбі 04.12** | **Жұма 05.12** |
|---|---|---|---|---|---|
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | «Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Қыс мезгілі» | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық | «Менің Қазақстаным» ҚР Гимн орындау (дүйсенбі күні) | | | | |
| | Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру.<br>Қазақ тілі педагогі тәрбиеленушілерге қазақ тілі кабинетінде өзін қалай ұстау керектігін еске салады:<br>кабинетте жүгіруге, секіруге, шулауға болмайды;<br>басқа балалардың саусақтары қысылып қалмас үшін орындықтарда тербелуге болмайды;<br>басқа балалар шалынып қалмас үшін аяқты алға созуға болмайды. | | | | |
| | «Күй күмбірі» күй тыңдау<br>Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында күй қою: «Алатау» күйі<br>https://zvyki.com/song/10056931/Kurmangazy_-_Alatau/ | | | | |
| | «Өнегелі 15 минут» «Құрметтеуді үйренеміз»<br>Ойынның мақсаты: құрдастарына құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>Педагог балалардан қандай адамгершілік қасиеттер құрметке лайық болып көрінетінін ойлануды және айтуды сұрайды. Содан кейін балалар шеңберге тұрып, бір-біріне допты беріп, доп берген баланы не үшін құрметтейтінін айтады. Ойын барлық қатысушылар айтып болғанша жалғасады. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| Сөздік минимум | Бас, көз, мұрын, ауыз, құлақ, шаш. Сенің шашың қандай?<br>Менің шашым қара<br><br>Қазір қыс мезгілі.<br>Қар, аппақ | | Малақай, қалпақ, тон, қолғап, етік, пима, шәлі. | | |
| Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті | <u>**Ересек топ**</u><br><br>**Тақырыбы:**<br>**«Дене мүшелері»**<br>**Міндеттері:**<br>қазақ тіліндегі сөздерді тыңдауға және дұрыс айта білуге және оларды есте сақтауға баулу;<br>адам дене мүшелерінің (бас,көз, мұрын, ауыз) атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету (Бұл не? Бұл – бас).<br><br><br>Балалар, бүгінгі тақырыбымыз «Адамның дене мүшелері» деп аталады.<br>**Бейнежазба көру**<br>**«Дене мүшелері»** | | <u>**Мектепалды тобы**</u><br>**Тақырыбы:**<br>**«Қыстық киімдер»**<br>**Міндеттері:**<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>қыстық киімдер атауларын айту және қолдана білуге үйрету;<br>зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br><br>Балалар, қазір қай | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тыңда, қайтала<br>Шаш. Бас. Көз. Мұрын. Ауыз. Құлақ<br><br>**Есте сақта**<br>Менің шашым<br>Сенің шашың<br>Оның шашы<br><br>**Сұраққа жауап бер**<br>Сенің шашың қандай?<br>Менің шашым қара<br>Менің шашым қоңыр<br>**«Не жапты?» ойыны**<br>Балалар естігені бойынша өз дене мүшелерін қолымен жабады.<br>**Сергіту сәті.**<br>**«Бұл мен» ойыны**<br>Бұл көздер. Міне. Міне (алдымен сол, содан кейін оң көзді көрсетеді)<br>Бұл құлақ. Міне. Міне. (алдымен сол құлақты, содан кейін оң құлақты ұстайды)<br>Бұл мұрын. Бұл ауыз. (сол қолымен ауызды, оң қолымен мұрынды көрсетеді)<br>Бұл қолдар. Шапалақ-шапалақ.<br>(екі қолды алға созып шапалақтайды)<br>Бұл аяқтар. Топ-топ, | | мезгіл?<br>Қазір қыс мезгілі.<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Қыс мезгілінде үш ай бар.<br>Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Далада не жатыр?<br>Далада қар жатыр<br>Қардың түсі қандай?<br>Қар аппақ.<br>Ауа райы қандай?<br>КҮН АЯЗ. КҮН СУЫҚ.<br>Қыс келгенде адамдардың өмір сүру жағдайы қалай өзгереді?<br>Адамдар жылы киінеді.<br>Ия, балалар, біз бүгін қыстық киімдердің қазақша атауларын үйренеміз.<br><br>**Тыңда, қайтала.**<br>**Суретпен жұмыс**<br>Құлақшын, күрте, қолғап, етік, пима.<br>**«Біреу және көп» ойыны**<br>Міндеті: зат есімдерді жекеше | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | топ-топ.<br>(қолды белге қойып, аяқпен тапылдатады)<br>**Қорытынды:**<br>Дене мүшелеріне байланысты сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.<br><br>Мектепалды тобы<br>Тақырыбы:<br>«Қыс мезгілі»<br>Міндеттері:<br>сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру;<br>қыс мезгіліне қатысты сөздерді түсіну және қолдана білуге үйрету;<br>қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.<br>- Қазір қай мезгіл?<br>- Қыс мезгілі.<br>Тыңда, қайтала.<br>Суретпен жұмыс<br>ҚЫС КЕЛДІ (бәрі бірге қайталайды)<br>Қыс мезгілі келгенін қайдан білеміз?<br>ҚАР ЖАУДЫ<br>(бәрі бірге қайталайды). | | және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру<br>- Құлақшындар, күртелер, қолғаптар, етіктер, пималар<br>**Түстерді еске түсірейік!**<br>«Түстер» додекаэдр әдісі бойынша қайталау<br><br>**«Құлақшынды түсіне қарай ата» ойыны**<br>Міндеті: сөз тіркестерін құрастыра білуге үйрету<br>Қызыл құлақшын<br>Көк құлақшын<br>Жасыл құлақшын<br>Қоңыр құлақшын<br><br><br>**Есте сақта!**<br>**Кигіземіз – одеваем**<br>**«Қуыршақты киіндір» ойыны**<br>Мұғалім: Балалар, Маша қуыршағы далаға шыққысы келеді. Дала суық. Ол қалай киінетінін | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қыста ауа райы қандай? КҮН АЯЗ (бәрі бірге қайталайды). КҮН СУЫҚ<br>- Қыста түн ұзақ.<br>- Қыста күн қысқа.<br><br>Тілдік жаттығу<br>Ыс-ыс-ыс келді қыс.<br>Ар-ар-ар жауды аппақ қар.<br>Яз-яз-яз күн аяз.<br>Ық-ық-ық күн суық.<br>Ұз-ұз-ұз жерде мұз.<br><br>Есте сақта!<br>Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br><br>Жұмбақ шешейік!<br>Қыста ғана болады.<br>Ұстасаң қолың тоңады (қар)<br><br>Қар — атмосферадан түсетін әр түрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. (Мелкие и хрупкие кристаллы заледеневшей воды – это снег). Қардың түрі өте көп.<br>- Қардың түсі | | білмейді, сендер көмектесесіңдер ме?<br>Басына құлақшын кигіземіз.<br>Үстіне күртеше кигіземіз.<br>Қолына қолғап кигіземіз.<br>Оң аяғына етік, сол аяғына етік кигіземіз.<br><br>**Қимылды әрекет «Киіну»**<br>**Қорытынды:**<br>Қыстық киімдердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай?<br>- Қар ақ, аппақ<br>Тақпақ жаттайық<br>Аппақ, аппақ, жапалақтап,<br>Қар жауады тынбастан.<br>Қалың орман қар жамылған<br>Маужырайды түнгі аспан.<br>Дидактикалық ойын: «Аққала құрастыру».<br>Шарты: үстел үстінде аққаланың бөлшектерінен құрастыру.<br>Балалар, аққаланың көздері неден жасалған?<br>Қара көмірден.<br>Мұрны неден?<br>Мұрны сәбізден.<br>Ән тыңдайық!<br>«Аққала»<br>Қорытынды:<br>Қыс мезгіліне байланысты сөздердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс<br>(сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, | **«Не жапты?» ойыны**<br>Балалар естігені бойынша өз дене мүшелерін қолымен жабады. | | **Тілдік жаттығу**<br>Ыс-ыс-ыс келді қыс.<br>Ар-ар-ар жауды аппақ қар.<br>Яз-яз-яз күн аяз.<br>Ық-ық-ық күн суық. | | |

<table>
<tr>
<td rowspan="4">ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</td>
<td>«Біреу және көп» ойыны<br>Балалардың зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдылары қалыптасады<br>Құлақшындар, күртелер, қолғаптар, етіктер, пималар</td>
<td></td>
<td>Ұз-ұз-ұз жерде мұз.</td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">«Республикам – мақтанышым!» ертеңгілік<br>«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Отан!<br>Әсем біздің қаламыз,<br>Байтақ біздің даламыз.<br>Қазақстаным тәуелсіз,<br>Біз бақытты баламыз.</td>
<td colspan="2">Отан<br>Отанды біз атамекен<br>Деп аялап атаймыз,<br>Өйткені оны мекен еткен<br>Бабамыз бен атамыз.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="5">«Қай асық жетпей тұр?» ойыны<br>Балалар асықтарды түстеріне сәйкес орналастырады<br>«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</td>
</tr>
</table>